

Сабақтың тақырыбы:
Сәбит Мұқанов
“Саятшы Ораз” әңгімесі



Сабақтың мақсаты: шығарманың мазмұнын меңгерту, идеясын тану және әңгімедегі Ораз бейнесін ашу арқылы халқымыздың саятшылық өнері туралы мағлұмат беру.

Сабақтың міндеттері:






- 1. Мазмұнға байланысты:** оқушылардың өзіндік ой қорытады, таным қабілеттері дамиды, ұлттық құндылықтарын бойына сіңіреді.
- 2. Сын тұрғысынан ойлауға байланысты:** өзіндік ой-қиялын дамытады, өз пікірін дәлелдей алу қабілеттері жетіледі.
- 3. Тәрбие әрекетіне байланысты:** адамгершілік қасиеттерді, оның ішінде кішіпейілділікті, кеңдікті, халқымыз қадір тұтқан аң-құстарды аялауды, табиғатты сүюді үйренеді.

Сәбит Мұқанов кім?



- **АҚЫН**
- **Жазушы**
- **Педагог**
- **Драматург**
- **Публицист**

Шығармалары





Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап



Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап,
Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап.
Қыран шықса қияға, жібереді
Олар да екі құсын екі жақтап.

Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,
Күйкентайы үстінде шықылықтап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.

Тиіп-шығып, ыза қып, ұстатпаса,
Қуанар иелері сонда ыржықтап.
Не таптық мұныменен деген жан жоқ,
Түні бойы күпілдер құсын мақтап.

Абай Құнанбайұлы



Томаға



Биялай



Тұғыр



Белбеу

Құсбегі құралдары



Саптыаяқ



Балдақ



Балақбау



Жемқалта

Сөздікпен жұмыс

- **Саятшы** – құсбегі, құс баптаушы.
- **Сауға беру** – ақысыз беру, садақа беру .
- **Поселке** – шағын ауыл.
- **Шілік** – төрт түлік мал сүйсініп жайылатын жайылым өсімдігі.
- **Ителгі** – Қазақстанның барлық өңірінде кездесетін биік ағаштар мен құздарда өмір сүретін бүркіттің бір түрі.
- **Қаршыға** – өте алғыр құс, қарғадан көлемдірек. Қазақстанда Алтай, Алатау тауларының бөктерлерінде мекен етеді.
- **Тұйғын** – қанаты қысқа, құйрығы ұзынырақ қаршығаның бір түрі. Ұсақ аңдар мен құс аулауға өте ыңғайлы.

Теориялық ұғым!

Портрет – шығарма кейіпкерлерінің сыртқы түр-тұлғасын суреттеу.


Пейзаж – жазушы шығармада табиғатты барынша көркем суреттеу.

Мінездеу– әдеби кейіпкерді таным-түсінігі мен мінез-құлқын таныта даралай суреттеу.

“Саятшы Ораз” әңгімесі

Шығарма тақырыбы	Саятшылық кәсібі
Шығарманың негізгі идеясы	Саятшы Ораздың мергендігі, саятшылығы, еңбекқорлығымен қоса адамгершілік қасиетін айрықша таныту.
Композициялық құрылымы	Шығарманың басталуы: Шығарманың байланысы: Шығарманың шиеленісуі: Шығарманың шарықтау шегі: Шығарманың шешімі:

Шығарманың композициялық құрылысына сатылай кешенді талдау

- 
- 1.Әңгіменің тақырыбы- «Саятшы Ораз»
 - 2.Әңгіменің авторы- С.Мұқанов
 - 3.Жанр түрі- әңгіме
 - 4.Әңгімедегі кейіпкерлер- Ораз, Мұқан, Сүлеймен
 - 5.Жазушы идеясы- саятшылық, аңшылық өнерді дәріптеу
 - 6.Әңгіменің басталуы- жазушының есінде қалған жалғыз адам – саятшы Ораз.
 - 7.Әңгіменің байланысуы -Ораздың балаларды жақсы көруі
 - 8.Әңгіменің дамуы - Ораздың аңшылығы, адамгершілік қасиеттері
 - 9.Әңгіменің шарықтау шегі - Ораздың Мұқанның үйіне көмек көрсетуі.
 - 10.Әңгіменің шешімі- “ең ауыр ақы-көрші ақысы”

Ораздың күсбегі екендігін дәлелде



Кейіпкерлерге мінездеме

Кейіпкер	Мінезі
<i>Ораз</i>	
<i>Сүлеймен</i>	
<i>Зәуре</i>	
<i>Мұқан</i>	

Ораз қандай?



“Зерделі сұрақ, ұтымды жауап”

(“Саятшы Ораз” әңгімесі бойынша)

- 1) Сәбиттің есінде кім көбірек сақталған?
- 2) Аңшылық өнер туралы не білеміз?
- 3) Қазақтың құсбегілері қандай құстарды қолға үйреткен?
- 4) Ораздың бойындағы өнер мен ұлттың қандай қасиеттері бар?
- 5) Ораз құс салумен жылдың қай мезгілінде айналысады?
- 6) Мұқан қысқы үйін неге күйеу баласы Сүлейменнің үйінің қасынан салмады?
- 7) Ораздың достары кімдер?
- 8) «Ең ауыр ақы-көрші ақысы» дегенді қалай түсінесің?
- 9) «Қанжығасын қанды етіп қайтады» дегенді қалай түсінесіңдер?
- 10) Ораздың жасы 60-тың тең ортасынан асса да денсаулығының мықты болуы неге байланысты деп ойлайсыңдар?

Топтық жұмыс

Сурет бойынша мәтін құра



Үйге тапсырма:

1. Аңшылық кәсіпке байланысты мақал-мәтелдер жазу.
2. Құсбегілік тақырыбында шағын әңгіме құрау

